КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 29 маусым №2301-23-00-2/842 іс Атырау қаласы

Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
судья А.Р.Балмуханованың төрағалық етуімен,
сот отырысының хатшысы А.Динжановаңың болып, ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады,

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Сот сараптамалары орталығы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «АЙЛИН» Динара Дюсеновна Ахмадиева

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Талап қоюшы өкілдері А.Ж.Жаңбырбай, А.Б.Усенова
Жауапкер Д.Д.Ахмадиева

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2023 жылғы 26 қаңтардағы мемлекеттік сатып алудың қорытындылары негізінде тараптардың арасында тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы №18 келісім-шарт 2023 жылғы 30 қаңтарда жасақталған (бұдан әрі – Шарт).

Шарттың ажырамас бөлігі 1-қосымшасына сәйкес, жауапкер талап қоюшыға майлылығы 3-6%, табиғи сүтті шартқа қол қойылған күннен бастап 2023 жылдың 31 желтоқсанына дейін жеткізуге міндеттенген. Шарттың сомасы – 1 588 000 теңге.

Талап қоюшы сотқа талабын жолдап, шарттың талаптары орындалмағанын, жауапкер кәсіпорынның Атырау облысы бойынша филиалына тапсырыс бойынша сүт жеткізуге міндетті болғанын, 2023 жылғы 13 ақпанда веб-портал арқылы сүтке тапсырыс беріліп, 27 ақпанға дейін сүт әкелу тапсырылғанын, алайда жауапкермен сүт жеткізілмегенін

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

көрсетіп, жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды сұраған.

Сот отырысында талап қоюшы өкілдері А.Ж.Жаңбырбай, А.Б.Усенова талапты қуаттап, ағымдағы жылдың қаңтар айынан бастап филиал қызметкерлеріне берілуі тиіс сүтті ала алмай отырғанын, жағымсыз салдар туындағанын, келісім шарт 2023 жылы 29 наурызда біржақты бұзылғанын, бұрын сотқа 2023 жылы 20 наурызда, яғни мерзімінде талап қойылғанын, алайда ол кезде талап заңды тұлғаның филиалымен қойылғандықтан талапты кері қайтарып алып, талап арыз 2023 жылғы 14 сәуірдегі ұйғарыммен қараусыз қалдырылып, кейін қайта 2023 жылғы 17 сәуірде сотқа талап қоюмен жүгінгендерін, оны қанағаттандыруды сұрады.

Талап қою арызына жауапкермен қарсы пікір ұсынылмады.

Сот отырысында жауапкер Д.Д.Ахмадиева талапты мойындамай, отбасы жағдайына байланысты міндеттемені орындай алмағанын, анасы қайтыс болғанын, жазбаша хат жолдауға да мүмкіндігі болмағанын, тапсырысты қарамағанын, форс-мажор жағдайлар болғанын көрсетіп, талапты қанағаттандырудан бас тартуды сұрады.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (келесіде – АК) 272, 277-баптарына сәйкес, міндеттеме – міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше және мерзімінде орындалуға тиіс.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу туралы Заңының (келесіде – Заң) 12-бабының 4-тармағының 3) тармақшасына сай, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 3) тармақшасында көрсетілген жағдайда, тапсырыс беруші өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы өзіне мәлім болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей мұндай өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге міндетті, бұған жиынтығында мынадай шарттарды:1) өнім берушінің тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеуі; 2) шарттық міндеттемелерді толық орындау; 3) тапсырыс берушіге келтірілген залалдың болмауы шарттарын қанағаттандыратын жағдайлар қосылмайды.

Жауапкердің шарт бойынша міндеттемелерін тиісінше орындамауы талап қоюшының сотқа талап қою арызымен жүгінуіне негіз болған, тұрақсыздық айыбы төленбеген, жағымсыз салдар туындаған.

Құжатқа қол қойылған: Балмұханова А. Р., 04.07.2023

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Іс құжаттарына сәйкес, талап қоюшы 2023 жылғы 20 наурызда аталған талаппен сотқа жүгініп, 2023 жылғы 14 сәуірдегі сот ұйғарымымен талап арыз АПК-нің 279-бабының 8) тармағына сәйкес қараусыз қалдырылған. Кейін талап қоюшы аталған талап қоюмен 2023 жылғы 17 сәуірде сотқа қайта жүгінген.

АК-нің 183-бабының 1-тармағына сәйкес, талап қою мерзімінің өтуі белгіленген тәртіппен талап қою, тараптардың медиация туралы шарт жасасуы, сондай-ақ міндеткер адамның борышты немесе өзге міндеттерді мойындағандығын дәлелдейтін әрекеттер жасауы арқылы үзіледі.

Сондықтан талап қоюшымен сотқа жүгіну мерзімі өткізілмеген.

АПК-нің 72-бабына сәйкес, әр тарап өзінің талаптары мен қарсылықтарының негізі ретінде сілтеме жасайтын мән-жайларды дәлелдеуге, қорғану құралдарын пайдалануға, фактілерді растауға, оларға дау айтуға, процесті адал жүргізуге сәйкес келетін және іс жүргізуге жәрдемдесуге бағытталған дәлелдемелерді және дәлелдемелерге қарсы қарсылықтарды судья белгілеген мерзімдерде келтіруге тиіс.

Тараптардың қолында бар дәлелдемелерді сотқа ұсынбау осы дәлелдемелерді апелляциялық, кассациялық сатылардағы сотқа ұсыну мүмкіндігін болдырмайды.

Шарттық міндеттемелерді орындауға мүмкіндік бермеген мән-жайларды растайтын дәлелдемелер сотқа табыс етілмеді.

Бұл жағдайда, талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабы сотпен негізді деп танылады.

АПК-тің 117-бабына сәйкес жауапкерден мемлекет кірісіне 1725 теңге мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

«Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Сот сараптамалары орталығы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының жеке кәсіпкер «АЙЛИН» Динара Дюсеновна Ахмадиеваны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабы қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «АЙЛИН» Динара Дюсеновна Ахмадиева мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер «АЙЛИН» Динара Дюсеновна Ахмадиевадан мемлекет кірісіне 1725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге Атырау облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, прокурордың өтінішхаты Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы

Құжатқа қол қойылған: Балмұханова А. Р., 04.07.2023

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап берілуі, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде беруі мүмкін.

Судья А.Р.Балмуханова

Құжатқа қол қойылған: Балмуханова А. Р., 04.07.2023

2301-23-3-1/971